

«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ»

ТАЛАПКЕР 2024

✓ МАГИСТРАТУРА

- **М037 - АРТ-МЕНЕДЖМЕНТ**
- **7М02106 - «АРТ-МЕНЕДЖМЕНТ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ**

БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН:

1. Билет бойынша ауызша емтихан, 1 билетте 3 сұрақтан, барлығы 25 билет, жалпы 75 сұрақ, келесідей пәндерді қамтиды (*Өнер тарихы, қазақ мәдениетінің тарихы, арт менеджмент, мәдениет экономикасы, менеджмент, маркетинг, кәсіпкерлік негіздері*).

1.1 Емтихан мақсаты талапкерлердің жалпы мәдени даму деңгейін, әлеуметтік-мәдени қызметке деген ынтасын, коммуникативтік мәдениетін, эстетикалық көзқарастарын, қазіргі заманғы өнер мен мәдениеттің бағдарын, ұйымды, адами ресурстарды, түрлі жобаларды басқару, креативті ойлай білу, кәсіпкерлік, экономика, менеджмент, маркетинг пәндері бойынша базалық білімдерін, ғылыми-зерттеу жұмысына дайындығын, сондай-ақ болашақ қызметінің ықтимал нысандары туралы кәсіби көзқарастарын анықтау.

1.2 Емтиханға дайындалу үшін талапкерлерге бакалавриат деңгейіндегі арт-менеджмент бойынша базалық пәндер спектрін қамтитын емтихан материалдары алдын ала ұсынылады.

1.3 Талапкерлерге ауызша жауапты дайындауға 20 минуттай уақыт беріледі. Жауапқа дайындық кезінде түсуші арнайы мөр басылған параққа қысқаша жазба жүргізуге міндетті. Емтихан тапсыру барысында талапкерлерге шығармашылық сынақ бағдарламасы шегінде пәннің кез келген бөлімдері бойынша қосымша сұрақтар қойылуы мүмкін.

1.4 Ауызша жауап беру кезінде талапкерлер келесідей қабілеттерін көрсетулері тиіс: жауаптардың анық болуы, қисындылығы мен дәлдігі, терең теориялық білімін, ой-өрісінің жоғары деңгейі, кәсіби таңдауды айқындау және дәлелдеу қабілеті, сауатты әдеби сөйлеу мәнерлерін.

ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ:

Өнер тарихы:

1. Өнер тарихы мен түрлері.
2. Алғашқы қауым мәдениеті. Ежелгі Египет өнері.
3. Еуропалық ежелгі өнер: ежелгі Греция мен Рим.
4. Қытай өнері.
5. Ежелгі Үндістан өнері.
6. Жапония өнері.
7. Ортағасырлық өнер.
8. Франция өнері.
9. Италия өнері.
10. Қайта өрлеу (Ренессанс) дәуірінің өнері және ғылымы.
11. Импрессионизм.
12. Өткен және қазіргі әлемдік балет жұлдыздары.
13. Қазақстандағы халықаралық музыкалық байқаулар.
14. Әлемдік бейнелеу өнерінің танымал суретшілері.
15. Әлемнің әйгілі театрлары.

Маркетинг:

1. 4P теориясы (тұжырымдама)
2. Маркетинг жүйесіндегі жарнама.
3. Маркетингтегі баға саясаты.
4. Нарықты сегменттеу.
5. Маркетингтегі (сату) өткізу саясаты.
6. Маркетингтегі коммуникацияның рөлі.
7. SWOT талдау маркетингтік стратегияны әзірлеудің маңызды әдісі ретінде.
8. Халықаралық маркетинг.
9. Маркетингтік орта.
10. Маркетингтік зерттеу әдістері.

Менеджмент.

1. Ұйымдастыру және басқару қызметінің сипаттамасы.
2. Басқарушылық ойдың эволюциясы. Менеджмент мектептері.

3. Ұйымның ішкі және сыртқы ортасы.
4. Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі және менеджердің этикасы.
5. Менеджменттегі коммуникация.
6. Басқарушылық шешімдерді қабылдау.
7. Жоспарлау менеджменттің функциясы ретінде, Смарт(smart) талдау.
8. Ұйымдастыру менеджменттің функциясы ретінде.
9. Бінталандыру (мотивация) менеджменттің функциясы ретінде.
10. Бақылау менеджменттің функциясы ретінде.
11. Менеджменттегі топтық динамика.
12. Басшылық: билік және ықпал.
13. Менеджменттегі көшбасшылықтың стильдері мен түрлері.
14. Қақтығыстар мен стресстерді басқару.
15. Менеджменттегі өзгерістерді басқару.

Мәдениет экономикасы:

1. Экономика формалары мен деңгейлері.
2. Экономика и финансы субъектов арт-индустрии
3. Мәдениет және мемлекет: мәдени саясат экономикасы.
4. Мәдениет құрылымы және басқару органдары.ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі.
5. Мәдениет өнімдеріне баға белгілеу.
6. Мәдениет саласындағы еңбекақы төле мәселелері.
7. Мәдениет саласындағы қатынастар мен меншік нысандары.
8. Мәдениет саласындағы зияткерлік меншікке қатысты экономикалық қатынастар
9. Мәдениет және өнер саласын мемлекеттік қолдаудың үлгілері мен нысандары
10. Өнер инвестициялау объектісі ретінде.

Арт менеджмент:

1. Әлемдік арт-индустрия жүйесіндегі Қазақстандық арт-менеджмент.
2. Фильмді жарнамалау немесе промоушен (кино маркетинг)
3. Ойын-сауық іс-шаралары саласындағы коммерциялық қызмет.
4. Қайырымдылықтың формалары мен түрлері.
5. Фандрайзинг: түрлері, мақсаттары, міндеттері.
6. Продюсирлеудің мақсаты мен мазмұны.

7. Концерттік қызметті ұйымдастырудың ерекшелігі.
8. Шығармашылық жобадағы бизнес-жоспарлау.
9. Креативті экономика: маңыздылығы мен дамуы
10. Орындаушының эстрадалық имиджі.
11. Шоу-бағдарламаларды ұйымдастыру технологиялары.
12. Гастрольдік менеджмент.
13. Арт индустрия нарығы.
14. Коллекция түрлері.
15. Музыкалық фестивальдар (Қазақстан, Ресей және т. б.)

Қазақ өнерінің тарихы:

1. Көшпенділер өркениеті. Қазақ мәдениетінің әлемдік өркениетте алатын орны.
2. Қазақ музыка тарихына шолу. Музыка тарихының кезеңдері.
3. Қазақ музыка өнерінің болмысы, музыкалық аспаптар.
4. Актер, режиссер Шәкен Аймановтың өмірбаяны мен шығармашылығы.
5. Қазақстанның Халық әртісі Күләш Байсейітова.
6. Қазақстанның Халық әртісі Жиенқұлова Шара Баймолдинқызы.
7. Қазақ КСР Халық суретшісі Әбілхан Қастеев.
8. Қазақ кино және театрдың көрнекті актерлері.
9. Темірбек Қарайұлы Жүргеновтің білім мен өнердегі рөлі.
10. Қазақстанның танымал режиссерлері.

Кәсіпкерлік негіздері:

1. Іскерлік ойлау психологиясы. Бизнес-мәдениетті қалыптастыру.
2. Кәсіпкерлік түрлері, олардың Қазақстанда дамуы.
3. B2B, B2C, B2G дегеніміз не және олардың арасындағы айырмашылық неде.
4. Шағын және орта бизнес: кәсіпорындар ШОБ-қа жатқызылатын критерийлер.
5. Қаржылық сауаттылық негіздері.
6. Стартап дегеніміз не. Бизнес-идеяны таңдау, бизнес-модель.
7. Инвестицияларды тарту және мемлекеттік қолдау шаралары.
8. Кәсіпкерлік қызметтегі команданың рөлі.
9. ЖК және ЖШС айырмашылық: Қазақстанда бизнес ашу үшін не таңдаған тиімді.
10. Бизнес-жоспарлау (UNIDO, KPMG).

11. Кәсіпкерліктің қаржылық моделі.
12. 2024 жылы бизнес үшін Қазақстандағы салықтар.

ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

Болашақ ғылыми зерттеу тақырыбының негіздемесі

Жалпы талаптар:

Болашақ ғылыми зерттеу тақырыбының Реферат - негіздемесін талапкер алдын ала белгіленген мерзімде қабылдау комиссиясына тапсырады. Рефератқа білім немесе ғылым мекемесінде (ҒЗИ) жұмыс істейтін ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚЕК дәрежесі (ғылым докторы немесе кандидаты немесе PhD (бейіні бойынша философия докторы, академиялық дәрежесі) бар ғалым қол қойған рецензия ұсынылуы тиіс. Рецензия рецензенттің жұмыс орны бойынша куәландырылуы тиіс.

Рефератқа қойылатын талаптар:

1. Реферат талапкердің қазақ немесе орыс тілінде өзі жеке орындаған еңбегі болуы тиіс.
2. Рефераттың тақырыбы мен оның мазмұны талапкер таңдаған білім беру бағдарламасына сәйкес болуы керек.

(Арт индустрия және креативті индустрия туралы еркін тақырыпта)

3. Рефераттың көлемі -20-25 бет.
4. Рефераттың құрылымы мен рәсімделуі:
 - титулдық бет;
 - кіріспе (өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, зерттеу пәні мен зерттеу нысаны, зерттеу әдістері, тақырыптың зерттелу деңгейі, жаңашылдығы, зерттеудің практикалық және теориялық маңызы, құрылымы мен рефераттың жалпы көлемі);
 - реферат мазмұны (зерттеу мазмұнын айқындайтын тараулары мен тараушалары);
 - қорытынды;
 - қолданылған дереккөздер тізімі;
 - қосымшалар (рефераттың жалпы бет көлеміне енбейді).

5. Рефераттың рәсімделуі:

Қаріп – Times New Roman, қаріптің өлшемі – 14;

Интервал – бір;

Шеттері: жоғары және төменгі – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см.;

Абзац шегінісі – 1 см.

6. Реферат мәтінінде міндетті түрде пайдаланылған дереккөздерге сілтемелер көрсетіледі және ҒЖБССҚЕК талаптары бойынша ресімделген пайдаланылған дереккөздер/материалдар мен әдебиеттер жеке көрсетіледі.

Реферат тақырыбы бойынша талапкердің бұрын жарияланған ғылыми мақалалары болғаны жақсы!!!

Шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері:

Бағалаудың балдық көрсеткіші I - шығармашылық емтихан	Бағалау критерийлері I - шығармашылық емтихан	Бағалаудың балдық көрсеткіші II - шығармашылық емтихан	Бағалау критерийлері II - шығармашылық емтихан
36-40	Талапкердің жауабы өте жақсы деп бағалауға болады, білім деңгейі өте терең. Абитуриент арт индустрия мәдениет, өнер, экономикалық- саяси мәселелер, менеджмент пен маркетинг, кәсіпкерлік салалары бойынша да білімінің өте жақсы екенін байқата білді. Жоғары деңгейдегі коммуникабельділігі, өз идеяларын білдіру және тиімді диалог жүргізу қабілеті керемет. Талапкер қосымша сұрақтарға да оңай жауап берді, әрі оның жауаптары нақты және сенімді.	36-40	Талапкердің таңдап алынған жоба тақырыбы қазіргі таңда өте өзекті мәселелердің бірі, қоғамдық маңызы бар. Автор жобаны толық талап етілген стандарттарға сай орындаған. Зерттеу тақырыбы таңдалған мамандыққа сәйкес келеді, жобада бірегейлік пен жаңашылдық бар. Жоба идеясы өнер, арт-менеджмент және өндіріс саласындағы заманауи тенденцияларға сәйкес келеді. Жоба нақты, жобаның мақсаттары қол жетімді және өлшенеді. Жоба Жобалық өтінім нысанында ресімделген. Өтінім құрылымында барлық қажетті бөлімдер бар. Жобаның тұсаукесері Microsoft Power Point немесе PDF форматында слайдтармен бірге жүреді. Презентация техникасы сақталған: қаріп өлшемі, фон мен қаріптің түс қатынасы және т.б. слайдтардың дизайны бір стильде жасалған. Талапкердің сауатты сөйлеуі, бай сөздік қоры, дәлелдеу дағдылары, өз көзқарасын қорғай білу қабілеті бар. Талапкер ерекше ойлауды, айқын әлеуметтік және кәсіпкерлік бағытты, ұйымдастырушылық қабілеттерін, дүниетанымдық мәселелер бойынша өзіндік ұстанымын, әлем бейнесі туралы көзқарасын еркін әрі нақты айта біледі. Жалпы айтқанда жобаны орындау бойынша талапкерге өте жақсы деген бағаға лайық. Ұсынылған материал талаптарға сай келеді (мәтін кемінде 20 бет).

32-35	<p>Талапкердің жауабы өте жақсы деп бағалауға болады.Талапкер өзіне қойылған сұрақтар бойынша толықтай, әрі сауатты жауап бере алды.Талапкер мәдениет, өнер, экономикалық- саяси мәселелер, менеджмент пен маркетинг, кәсіпкерлік салалары бойынша білімінің өте жақсы екенін байқата білді.</p> <p>Талапкер қосымша сұрақтарға оңай жауап берді, оның жауаптары сенімді және нақты.</p>	32-35	<p>Талапкер мақсат пен міндеттерді жақсы тұжырымдады, мәселенің өзектілігін негіздеді, зерттеудің негізгі ережелерін қисынды түрде баяндады, қарастырылып отырған мәселенің теориясы мен әдіснамасы мәселелері бойынша білімнің жақсы деңгейін көрсетті. Берілген материал талаптарға сай келеді (мәтін кемінде 20 бет).</p>
27-31	<p>Талапкердің жауабы жақсы деп бағалауға болады.Талапкер өзіне қойылған сұрақтар бойынша толықтай, әрі сауатты жауап бере алды. Талапкер өнер, менеджмент пен маркетинг салалары бойынша білімінің жақсы екенін байқата білді.</p> <p>Талапкер қосымша сұрақтарға орташа жауап берді, оның жауаптары сенімді және нақты.</p>	27-31	<p>Талапкер зерттеудің мақсат пен міндеттерін жақсы тұжырымдады, негізгі ережелерін жақсы көрсетті, алайда зерттелетін мәселенің теориялық және әдіснамалық мәселелері бойынша білім деңгейі орташа болды. Ұсынылған материал талаптарға сай келеді (мәтін кемінде 15 бет).</p>
22-26	<p>Сұрақтарға орташа деңгейде жауап береді, жауабында логикалық, жүйелі бірізділік бар. Баяндау кезінде кейбір жіберген қателерін оқытушының сұрақтарына жауап беру арқылы өз жауабын түзей алады. Талапкердің жауабы-арнайы терминологияны қолдана отырып, тілде баяндалған әңгіме. Жауаптың ішкі логикасы байқалады, жауаптың құрылымы айқын. Талапкер эрудицияның, интеллект пен мәдениеттің жақсы деңгейін, тақырыпқа деген көзқарастың өзіндік ерекшелігін және оны ашудың толықтығын көрсетеді, қызықты фактілерді, дәйексөздерді, пікірлерді келтіреді, сондай-ақ өнер мәселелерінде жақсы білімді көрсетеді. Талапкер қосымша сұрақтарға жартылай жауап берді.</p>	22-26	<p>Талапкер зерттеудің негізгі ережелерін жақсы көрсетті, мақсат пен қойылған міндеттерді түсінеді, алайда зерттелетін мәселенің теориялық және әдіснамалық аспектілері бойынша білімі жеткіліксіз екенін байқатты.</p>
17-21	<p>Талапкер эрудицияның, интеллект пен мәдениеттің жақсы деңгейін, тақырыпқа деген көзқарастың өзіндік ерекшелігін және оны ашудың толықтығын көрсетеді, қызықты фактілерді, дәйексөздерді, пікірлерді келтіреді, сондай-ақ өнер мәселелерінде жақсы білімді көрсетеді. Талапкер қосымша сұрақтарға орташа</p>	17-21	<p>Талапкер зерттеу проблемасының мәнін нашар түсінеді, жазбаша ғылыми баяндау дағдылары жеткіліксіз, тақырып өзектілігінің дәлелденуі шектеулі. Ғылыми аппаратты нашар меңгерген, жұмыс көлемі аз (15 бет).</p>

	жауап берді.		
12-16	Жауабы толық, бірақ жүйелі емес. Жауабында сұрақтарға қатысты елеулі ауытқулар бар. Негізгі ұғымдарды, терминдері сенімсіз түрде түсіндіреді. Жалпы білімі қанағаттанарлық деуге болады. Жауаптың ішкі логикасы анық емес. Талапкер эрудицияның, интеллект пен мәдениеттің қанағаттанарлық деңгейін көрсетеді, сонымен қатар өнер мәселелерінде қанағаттанарлық білімді көрсетеді. Талапкер қосымша сұрақтарға жауап бермеді.	12-16	Мақсат пен міндеттер тұжырымдалған, бірақ зерттеудің практикалық және теориялық маңыздылығы туралы түсінігі аз, жұмыстың өзектілігі туралы нақты негіздеме жоқ, жұмыс көлемі аз (15 немесе одан аз бет).
7-11	Талапкер берілген сұраққа толық жауап бермейді, жауабында негізгі ережелерді ерекшелей алмайды, сұрақтың басты идеялары ашылмайды. Сөздік қорының жеткіліксіздігі, сұрақтарды дұрыс түсінбегені байқалады. Талапкер қосымша сұрақтарға жауап бермеді.	7-11	Зерттеудің өзектілігі, теориялық және практикалық маңыздылығы көрсетілмеген, ғылыми аппаратты толық меңгермеген, тақырыбы мамандандыру профиліне сәйкес келмейді.
0-6	Талапкердің дайындығы мүлдем жоқ. Жазылған жауаптары дұрыс емес. Талапкер қосымша сұрақтарға жауап бере алмады.	0-6	Жұмыс ғылыми зерттеу рефератын рәсімдеу талаптарына сәйкес емес. Өтпейді.

Шығармашылық емтиханның сұрақтары бойынша: Bektenov81@mail.ru

Оқуға түсудің жалпы мәселелері: Kaznui.priem@gmail.com